

¹Хибина З.Н., ²Хибина Н.Н.

¹тарих ғылымдарының кандидаты, тарих факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: zada.xibina@mail.ru

²заң ғылымдарының кандидаты, философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: neilya2204@mail.ru

Г. БОЛИНГБРОКТЫҢ «КОРОЛЬ-ПАТРИОТ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНДАҒЫ» САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мақалада ағылшын ағартушысы Генри Сент-Джон Болингброктың саяси көзқарастары қарастырылады.

Британдық мемлекет қайраткері және философы Г. Болингброк эмпиризм мен сенсуализм идеясының және ерте ағылшын білімінің жарқын өкілі болды. 1738 жылы Г. Болингброк бір уақыт өз әкесі II Георгқа қарсы көзқараста болған, Уэльс корольдігінің ханзадасы Фредериктің кеңесшісі болып; оған арнап «Король-Патриот туралы ойлар» (On the Idea of a Patriot King) деп аталатын эссе жазады.

Болингброк тори парламентінің оппозициясына деген сенімі мен қызығушылығын жоғалтып, өзінің саяси ұстанамын жазбаша түрде білдіргісі келеді. Бұл оның билік мәселесіне арналған «Король-Патриот туралы ойлары» («The Idea of a Patriot King», 1749 ж. жарық көрген) атты көлемді шығармасында көрініс табады. Болашақ және заманауи Англия туралы сөз қозғағанда – алдымызда таза саяси утопия тұрғаны байқалады. Табиғатты талдаған уақытта биліктің сипаты – XVIII ғ. бірінші жартысына жататын саяси ойларға арналған қызықты ескерткішті көруге болады.

Түйін сөздер: Ағартушылық, Король-Патриот, тори, оппозиция, парламент, реформа, абсолютизм, гуманизм.

¹Khibina Z.N., ²Khibina N.N.

¹Candidate of Historical Sciences, Aktobe Regional State University K. Zhubanova, Kazakhstan, Aktobe, e-mail: zada.xibina@mail.ru

²Candidate of Legal Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: neilya2204@mail.ru

G. Bolingbroke political views in the «Ideas of King patriots»

This article Input a word of English political views educator Henry St. Dzhona Bolingbroke.

British statesman and philosopher G. Bolingbroke was the brightest representative of the early English Enlightenment, the spokesman of ideas of empiricism and sensationalism. In 1738 G. Bolingbroke some time was an adviser to Frederick, Prince of Wales, who was in opposition to his own father George II; I wrote (On the Idea of a Patriot King) for his essay, «The idea of the King-patriots.»

Bolingbroke lost faith and interest in the parliamentary opposition Tories decided to write down his political credo. It is expressed in his major works devoted to the problem of power – in the «Idea of King-Patriot» («The Idea of a Patriot King», published in 1749). Since we are talking about the future, and «possible» in modern England Bolingbroke – we purest political utopia. Since we are talking about the analysis of the nature of power itself – we see an interesting monument of political thought in the first half of XVIII century.

Key words: Enlightenment, King Patriot, the Tory opposition, parliament, reform absolutism, humanism.

Хибина З.Н., Хибина Н.Н.

¹кандидат исторических наук, факультет истории,
Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова,
Казахстан, г. Актобе, e-mail: zada.xibina@mail.ru

²кандидат юридических наук, факультет философии и политологии,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: neilya2204@mail.ru

Политические взгляды Г. Болингброка в «Идеи о Короле-Патриоте»

В данной статье рассматриваются политические взгляды английского просветителя Генри Сент-Джона Болингброка.

Британский государственный деятель и философ Г. Болингброк был ярчайшим представителем раннего английского Просвещения, выразителем идей эмпиризма и сенсуализма. В 1738 г. Г. Болингброк некоторое время был советником Фредерика, принца Уэльского, находившегося в оппозиции к собственному отцу Георгу II; написал для него эссе «Идея о Короле-Патриоте» (On the Idea of a Patriot King).

Болингброк, потеряв веру и интерес к парламентской оппозиции тори, решил письменно изложить свое политическое кредо. Оно выражено в его крупнейшем сочинении, посвященном проблеме власти, – в «Идеи о Короле-Патриоте» («The Idea of a Patriot King», опубликованной в 1749 г.). Поскольку речь идет о будущем и «возможном» в современной Болингброку Англии – перед нами чистой воды политическая утопия. Поскольку же речь идет об анализе природы власти как таковой – перед нами интереснейший памятник политической мысли первой половины XVIII в.

Ключевые слова: просвещение, Король-Патриот, тори, оппозиция, парламент, реформа, абсолютизм, гуманизм.

Кіріспе

Дәстүрлі қоғамнан индустриалдық өркениетке өту кезеңіндегі әлем тарихындағы жаңа идеология – Ағартушылық қозғалыстан басталады. Ағартушылық негізінен буржуазияның пайда болуымен және оның ескі қоғамға қарсы күресімен сипатталады.

Ағылшын Ағартушылығының негізін салушылардың бірі – Генри Болингброк 1697 жылы Еуропаға саяхат жасап, өзінің көрген-білгендерін мемлекеттік хатшы У. Трамбалға жазған хаттарында сипаттады. Ағылшын ағартушысы Англияға қайтып оралған соң, парламентке сайланып, философия мен тарихқа көңіл бөлді. Өзінің тарихи-философиялық шығармаларында Г. Болингброк бірсыпыра тарихи-теориялық тұжырымдар жасады. Ойшылдың айтуынша, тарихта қозғаушы күш адам болып табылады; тарихты біз көптеген елдер мен мемлекеттердің тарихи дамуының кезеңдерінен оқып біле аламыз. Сондықтан «өркениетті немесе өркениетті емес» елдердің тарихы біз үшін өте қажет, одан бірқатар өмірлік сабақтар алуға болады (Болингброк 1978: 62).

Зерттеудің әдістері. Жұмыста қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету мақсатында тарихи зерттеудің диалектикалық тәсілдерімен тығыз байланыстағы тарихилық, объективтілік сияқты негізгі методологиялық

қағидалар басшылыққа алынды. Ағартушылық кезеңнің тарихи ерекшеліктерін анықтауда автор орта ғасырлар мен жаңа заманда қалыптасқан ой-тұжырымдар мен пікірлер талдауына арқа сүйеді. Болингброктың философиялық, тарихи және саяси көзқарастарын зерттеуге тарихи салыстыру, талдау әдістері қолданылды. Мақалада қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету үшін әлемдік тарих ғылымының зерттеу методологиясының соңғы беталыстары мен қолданыстарындағы жалпы ғылыми тәсілдер пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу.

Англиядағы гуманистік тарихнаманың негізін салушы Болингброктың көзқарастары осы уақытқа дейін орны толмас ақтандақ күйінде қалып келе жатқанын атап өткен жөн.

Болингброк мұраларын оқи отырып француз ағартушыларының, әсіресе Вольтердің оның идеяларын қаншалықты дәрежеде қабылдағанын білуге болады. Вольтер философия мен тарих методологиясы саласындағы көптеген идеяларын Болингброктың ойларына негіздейді. Сондықтан да Болингброктың саяси-тарихи идеяларын зерттеу ағылшын Ағартушылығы ғана емес, жалпы еуропалық Ағартушылық ойдың маңызды мәселелеріне ғылыми тұрғыдан талдау жасауға мүмкіндік береді.

Ағылшын зерттеушісі Л. Стивен өзінің еңбектерінде XVIII ғасырдың Ағартушылық

философиясы мен әдебиетіне жалпы сипаттама береді. Бұл автор діни, соның ішінде реформация тарихымен ғана шектеледі, ал саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелер мүлде шет қалады десе те болады (Stephen 1904: 11-52).

Жаңа кезеңдегі шетелдік тарихнамалардан А.Мортонның еңбектерін атауға болады. Өзінің «Ағылшын утопиясы» («The English Utopia») деген еңбегінде автор Англия жеріндегі жаңа идеологиялардың пайда болуындағы XVII ғасырдағы ағылшын революциясының рөлін атап көрсетеді. Алайда А. Мортон бұл еңбегінде тарихи көзқарастарға, тарихи тұжырымдамаларға аз тоқталады (Morton 1952: 67-114.). Автордың жазғанына қарағанда, XVII ғасырдағы ағылшын революциясы кейінгі Еуропадағы утопиялық идеялардың пайда болуына белгілі бір әсерін тигізді.

Кенес тарихнамасында В.В. Штокмар (Штокмар 1973: 140-160), С.Е. Федоров (Федоров 1993: 10-21) т.б. авторлар ағылшын тарихының өтпелі кезеңдерін, соның ішінде Тюдорлардың, Стюарттардың ішкі саясатын зерттеді.

Г.С. Кучеренконың Франция мен Англияның қоғамдық ой-пікірінің тарихына арналған зерттеуі келесі еңбек қатарынан орын алады. Онда автор Вольтер мен Шефтсберидің көзқарасына баға беріп, ал Болингброктың көзқарастарына ол арнайы талдау жасамайды (Кучеренко 1981: 319). Француз Ағартушылығы мәселелеріне белгілі философтар В.В. Соколов (Соколов 1956: 112) пен Г.М. Фридендер өз (Фридендер 1981: 66) еңбектерін арнады.

Болингброктың көзқарастарын талдаудағы арнаулы еңбек ретінде М.А. Баргтың мақаласын атауға болады. Онда Болингброктың ойларына, философиялық және тарихи көзқарастарына жалпы сипаттама беріледі (Барг 1978: 274-278).

Жоғарыда келтірілген қысқаша тарихнамалық талдау көрсеткендей, зерттеушілер Ағартушылықтың жалпы мәселелеріне және Францияның материалдарына баса назар аударатырып, ағылшын Ағартушылығын, оның ішінде Болингброктың мұрасын назардан тыс қалдырған деуге болады. Негізінде Г. Болингброктың ағылшын Ағартушылық идеяларын түсіну үшін тарихи және саяси көзқарастарын зерттеу өте қажет. Г. Болингброктың орта ғасырлар мен жаңа заман тоғысындағы Еуропа тарихы мәселелеріне қатысты айтылған пікірлерінің танымдық мүмкіндіктері орасан зор.

Зерттеу ізденісінің негізгі деректері ретінде Г. Болингброктың өзінің шығармалары алынды.

Негізгі бөлімі

1646 жылдың қарсаңында Англиядағы король бастаған азамат соғысы революциялық күштердің жеңісімен аяқталды. Елдегі бүкіл өкімет билігін парламент қолына алды, бұл саяси үстемдік жаңа дворяндар мен буржуазияның қолына көшкенін көрсетті.

Парламент помещиктер мен буржуазияның барлық жері олардың толық меншігі деп мәлімдеген заң шығарды. Енді олар жерді пайдаланғаны үшін корольға салық төлемеді. Сонымен «рыцарьлық төлем» деп аталған феодалдық қатынастар негіздерінің бірі жойылды (Федоров 1993: 10-21).

1689 жылы парламент құқықтар жөнінде билль қабылдады, бұл заң конституциялық монархия тәртібін және парламенттің үстемдігін бекітті. Король қабылданған заңды жою, салық енгізу, әскер жинау құқығынан айрылды. Жоғарғы топтың мемлекеттік төңкерісі қарулы күрессіз өтті, өйткені революция барысында абсолютизмнің беделі негізінен түсіп кетті. Оның енді нақты сүйеніші болмады.

Ағылшын капитализмінің одан әрі дамуы үшін революцияның шешуші маңызы болды, ол дүниежүзілік тарихтың барысында капиталистік құрылыстың орнығуына ықпал етті. Англияда саяси билік жер иеленуші аксүйектердің қолында қалды. Алайда олардың бір бөлігі жаңа дворяндармен және буржуазиямен байланысты болды. Парламент өкімет билігінің басты органына айналды, оның саясаты елдің капиталистік дамуына барған сайын ықпал жасай берді.

Феодалдық-абсолюттік құрылысты жеңудің нәтижесінде алдағы уақытта, әсіресе XVIII ғасырда капиталистік қатынастардың ауылшаруашылығында қаулай дамуына, өнеркәсіп өндірісінде төңкеріс болуына даңғыл жол ашылды.

XVIII ғасырда елдегі нақты өкімет билігі корольдан парламентке көшіп отырды, ал парламент бұрынғысынша лордтар палатасына және сайланатын қауымдар палатасынан тұрды. Парламент қабылдаған заңдар бәріне де, оның ішінде король үшін де міндетті болды. XVIII ғасырдың аяғына қарай корольдың министрлерді парламенттегі басым партияның өкілінен тағайындау міндеті тәртібі біртіндеп нығая түсті. Партия парламенттегі сан жағынан артықшылығынан айрылатын болса, үкімет отставкаға кететін болды. Сөйтіп, үкімет король алдында емес, парламент алдында жауап берді, яғни парламенттік монархия орнай бастады.

Алайда парламенттің үстем болуын халық өкіметі орнауы деуге болмайды. Жер иеленуші аксүйектердің бір бөлігі сауда және өнеркәсіптің мүддесімен тығыз байланысты болса да, саяси үстемдік солардың қолында қала берді. Халықтың саяси құқығы болмады, сондықтан да парламент шешімдеріне ықпал жасай алмады. XVIII ғасырдың аяғына қарай ағылшын шаруалары қоғамдық тап ретінде жойылды. Англияның ауыл шаруашылығында капитализм біржолата жеңіп шықты.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Еуропаның бірқатар елдерінде абсолютизм саясаты жүргізілді. Бұл тұста кейбір сословиелік артықшылықтарды жою, феодалдық бытыраңқылық пен жергілікті сепаратизмді тежеу, сауда мен мануфактуралардың дамуын көтермелеу, шаруалардың жеке басын тәуелділіктен босату, шіркеуді мемлекетке бағындыру, оқу саласында реформалар жүргізу шаралары қолданылды. «Ағартушы абсолютизм» өкілдері француз ағартушылары идеяларының жұртшылыққа кеңінен тарағанын пайдалануға тырысып, өздерінің қызметін «философтар мен мемлекет қайраткерлерінің одағы» ретінде сипаттады. «Ағартушы абсолютизм» саясаты негізінен феодалдар табының үстемдігін нығайтуға бағытталды, дегенмен оның кейбір реформалары капиталистік қатынастардың дамуына объективті түрде жәрдемдесті. «Ағартушы абсолютизмнің» көрнекті өкілдері: Австрияда II Иосиф, Ресейде II Екатерина, Пруссияда II Фридрих т.б. болды (Кучеренко 1981: 319).

Г. Болингброктың саяси көзқарастарына тоқтала отырып, біздер оның еңбектері туралы мәліметтерді жинай аламыз. «Патриот-Король туралы идея» атты еңбегі XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы саяси ойлар арасындағы ең қызғылықты ескерткіш болып табылады. Болингброк өзінің осы бір философиялық шығармасында биліктің табиғатына жан-жақты талдау жасап, оқырмандардың алдына патриот-корольдің, яғни елді «жалпыға ортақ игілікке» жетелейтін және елді басқара алатын ақиқатты корольдің бейнесін суреттейді. Болингброктың шығармасы оның саяси мұраларының жазбаша сипатталуы болып табылады. Нақтырақ айтқанда осы еңбек билік идеясына арналады. Болингброк тарихтан мысалдар келтіре отырып, корольдің халық алдындағы міндеттерін ашық түрде суреттейді. Оның қағидалары адамзат табиғатына сай келеді деп те айтуға болады. Болингброк осы шығарманы өзінің философиялық көзқарастарының қоғамға, мемлекеттік билік

құрылымдарына, саясатқа, экономикаға және т.б. әсер етуі үшін жазған. Болингброк адамгершілік парыз туралы ұғымдар адамның табиғатына қатысты айтылады, – деп есептейді. Осы еңбегін Болингброк Францияда, Англияның «қайта өрлеуі» туралы жоспарлап жүрген кездерінде жазады. Британ құзырындағы азаматтықтың құқығынан айырылған ол: «мен әлі де өзімді британдықпын деп есептеймін және Сенеканың айтқандарын қайталаймын, егерде ол азаматтық міндеткерлікті орындау қабілетінен айырылса, онда әрқашанда адамның міндеттерін орындасын». «Сондықтан да мен өз өмірімнің қалған күндерінде оларға (британдықтарға) пайдалы, адал болып қаламын және оларды қорғауға, қызмет етуге, ақыл-кеңес бере аламын», – деп жазады (Lord Bolingbroke 1844: 238-302).

Болингброктың мақсаты: «халықтың бостандығын қамтамасыз ету үшін тақ иелері билікті шектеулі әрі қатаң жұрттың бәріне бірдей жүргізулері тиіс: осы шектеулер монархияны әлсіретпейді және оған қорқынышқауіп төндірмейді», – деген қағидаларды өмірге енгізуден, қалыптастырудан тұрады.

Игілікті және ұлы мақсаттарға жету үшін Болингброктың пікірінше, корольдің патриотизмі көз бояушылық емес, керісінше ақиқатты болуы тиіс (Barrell 1988: 22).

Автордың ойынша, патриотизм жоғарғы қағидаларға негізделуі және жоғарғы басшылық арқылы нығайтылуы қажет. Халықтың игілігі басқарудың ақырғы және ақиқатты мақсаты болып табылады. Сол үшін де басқарушылар тағайындалып, азаматтық конституция қабылданады, ақыл-парасат және табиғи заңдар арқылы билік бөлінеді және басқарудың мақсаты анықталады, басқарудың берілген түрі ізгілікті құрал ретінде танылып, халықтың ұлы игілігі оның бостандығы болады. Қоғамдық бостандықтың ағзасын әрбір жеке адамның ағзасы сияқты денсаулық құрайды. Денсаулықтан айрылған адам кез келген қажеттіліктердің дәмін сезе алмайды, ал бостандықтан айрылған қоғам қуанышты еркіндікті сезу қабілетінен айрылады. Осы тұста Болингброк корольдің алдына «конституцияның бостандығын сақтау және қорғау» – деген қасиетті парызды ұсынады (Kramnick, 1992a: 47).

Болингброктың ойынша Патриот-Король конституцияны бірлікке шақыратын заң ретінде қарап, оның екі мәніне, яғни корольдің басқару тәртібін анықтау және өзінің қоластындағылардың бағынушылық деңгейін әртүрлі бөлімдер мен өкілдіктерден құрасты-

рылған бірлікті жүйе ретінде қарайды. Ол өзінің құқығын өзіне берілген жеке меншік ретінде, ал халық құқығын ақиқаттың меншігі есебінде қарастыра отырып, нәтижесінде өзінің құндылықтары мен халық құқықтарының арасындағы айырмашылықты көре алады. Ол конституцияны құдайдан берілген және адамға тән заң ретінде есептейді. Бұл заңның күші тек қана корольдің қоластындағыларға ғана емес, корольге де бағытталады. Ал заңның рухы монарх және басқалар үшін де міндеттеледі. Осылайша, басқарушы заң деңгейінде ғана ойлап, іс-әрекет жасай алады.

Болингброк «табиғаттың ұлы істеріне еліктеу» ұғымы арқылы қоғам мен табиғаттың дамуы туралы өз ойларын қалдырады (Hart 1965: 26). Оның пікірінше, біз табиғаттың ыңғайымен, оның бейнесі бойынша іс-әрекеттерімізді жасауымыз қажет. Табиғат жануарды, өсімдіктерді немесе тағы да басқа жаратылыстарды жаратады. «Ол бірден немесе тұтастай әрбір жаратылысты өмірге әкеледі, осы бір құпияға толы жаратылыс табиғаттың жүйесін көрсетеді». Өсімдік немесе жануар өседі және көлемі де ұлғаяды, өз бойына табиғаттан нәр алып, қуат жинайды. Алайда, соған қарамастан жаратылғанынан тумысының ақырына дейін сол қалпында қалады. Сол сияқты біздің Патриот-Король де басынан бастап патриот болуы тиіс: оның ой-санасы патриотизмнен нәр алуы қажет, сонда ғана оның іс-әрекеті де халыққа жағымды болады. Ол өз өмірінің барысында бірден басты мақсаттары мен қағидаларын белгілеп алуы, яғни шешім қабылдай білуі, басқара алуы тиіс. Король өзінің жеке қасиет-сапаларын жетілдіргенде ғана әрдайым көпшіліктің назарында жүріп, өзін-өзі жоғары дәрежеде көрсете алады (Kramnick, 1968b: 35).

Патриот-Король барлық басқарушылар арасындағы ең құдіретті өте сирек кездесетін ерекше ғажайып күш иесі ретінде танылады. Оның халық арасынан көрінуі әрбір адамның жүрегінде махаббат пен мадақтау сезімін тудыратыны күдіксіз. Ал күнәһар адам оны көргенде қорқыныш пен күдік сезіміне беріледі. Бұл адамзатқа тән құбылыс. Жаңа корольмен бірге жаңа халық қалыптасады. Адамдар өздерін ешқандай ерекшеліксіз, баяғы қалыптағыдай сезінсе де, жаңа корольге қарап өздеріне басқаша тұрғыда қарауға ниеттенеді. Король көп қырлы даңққа қарағанда, құрметті және игілікті атақты иеленуі үшін қандай шаралар жүргізуі тиіс.

Сонымен, біріншіден, ол таққа отырған күннен бастап алғашқы қадамдарын көпшілікке

жақсы әсер қалдыру үшін ақылмен, парасатпен жасауы қажет. Король билік басына келген күннен өзінің айналасына өз айтқанын орындайтын адамдарды жинайды (Robertson 1947: 13).

Екіншіден, «ақылды билеуші ақымақтарды, ал жақсы билеуші нашар адамдарды жинауға құмар болмайды».

Болингброк билеуші туралы талдай келе, өз ойын былайша жеткізеді: халықты жікке бөлмей, халыққа әкелік сезіммен қарап, басқару қажет. Осы бір сапа Патриот-Корольдің ажырамас қасиетіне айналуы тиіс, ал егерде кімде-кім басқаша жолмен елді басқарса, онда ол тақты иелену құқығынан айрылады (Varey 1984: 18). Осы тұста билеушінің мінезіне тән ерекше қасиетпен айрықша құқықты көреміз, сондықтан да осы сапаларды сақтай монархтар партияның көмегімен елді басқаруға мұқтаж болмайды. Партияға сүйенген басқару бір фракцияның билігіне әкеледі, егерде билеушінің немесе оның министрлерінің ел басқаруға биімділігі жоғары дамыса, ал керісінше, корольде ондай қабілет болмаса билік халықтың қанауына әкеледі. Еркін және ерікті халықтың ақиқатты бейнесі патриархалды отбасы сипатында көрінеді, яғни онда отбасының басшысы және оның барлық мүшелері ортақ мақсат – мүддемен, ортақ рухпен бірігеді. Халық еш қарсылықсыз бір адамдай басшыға бағынған жерде, заңды үкімет қалыптасады, король партияның көмегімен елді басқаруға ұмтылмаса, халық бостандығы қорғалады (Stephen 1904: 11-52).

Басқару мақсатындағы барлық игіліктер қаншалықты жүзеге асырылса, соншалықты бірегей мемлекет қалыптасады. Өзіміз бейнелеп отырған король халқының бірлігі үшін қызмет жасауы тиіс. Ол оның парызы. Патриот-Король Г.Болингброктың пікірінше, – өз мемлекетінде құмарлық ойындарына тыйым салу үшін, адамзаттық қарым-қатынасқа араласуы мүмкін. Ол Фракцияның рухын әлсірету үшін бір фракциядан, екінші фракцияға ауыса алады және өзгелерді қаталдықпен өзіне қаратады. Ал егерде өзінің қоластындағылардың жалпыға ортақ бірлігін тұтастай қамтамасыз ете алмаса да, ол дұрыс басқарудың белгісі: дербес қауіпсіздікке, қоғамдық тұрақтылыққа, игілікті жағдайға, атақ пен құрметке, шекараны кеңейту нәтижесінде жете алады (Англия в эпоху абсолютизма 1984: 10-12). «Бүкілхалықтық бірлік билеушіге және халыққа атақ пен бақыт әкеледі. Бытыраңқылық қалың жұртқа қайғы мен қадірсіздік әкеледі, осы бір жаман атақ ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады».

Сонымен, Болингброк өзінің «Патриот-Король туралы идея» деген еңбегінде ізгілікті корольдің бейнесін көрсетуге ұмтылды. Ол оның мінез-құлық ерекшеліктерін, басқару әдістерін суреттеді және осындай король ғана жалпыға ортақ тұтас бірлікті өз халқына бере алады деп есептеді. Болингброк барлық еңбектері арқылы корольдің істері және оның қоластындағылардың бірлігі туралы ойларын қалдырған. Яғни король мен оған бағыныштылардың іс-әрекеттері үйлесімді болуы тиіс. Осы еңбегін ол қоғамға, мемлекеттік билік құрылымдарына арнап жазғандықтан, оны өз заманы үшін аса қажет жұмыс ретінде бағалаған. Гердер өзінің еңбегінде Болингброк секілді саяси билік идеясына көңіл аударады. Ол реформалардың жоспары туралы армандап, «шығыс Еуропа жерлерінің дамуы мен гүлденуін» кең тұрғыда бейнелейді (Гердер 1977: 264).

Ол «XII Карл тарихы» деген еңбегін жазғанда Вольтердің ой-пікірінің әсерімен, тарихи батыр туралы оймен қаруланды. Саяси билік сұрақтарына және оның сипатына барлық ағартушылар назар аударды. Алайда, біз ағылшын ағартушысы Болингброктың саяси көзқарастарына көбірек көңіл аударуды жөн көрдік.

Болингброктың ойынша, адамзат тарихы екі заңдылыққа бағынады. Бірінші заңдылық бұл тікелей жасаушы күштің, яғни құдайдың қолында. Ал екінші заңдылық адамның өзіне байланысты. Осыған орай Болингброк адамдар өздерінің корольдеріне бағыну керек деген қорытындыға келеді. Оның шығармасында: «...корольдердің тәжі құдайдың рақымымен беріледі, ал ол тәждің иесі қасиетті болып саналуға тиісті. Қарапайым адамның қалпында олар мұндай құқыққа ие бола алмайды, ал корольдің бейнесінде бүкіл билік солардың қолында. Тәжге салынатын шектеулер қаншалықты қатал болса, халықтар бостандығын қамтамасыз етерліктей шектеулер соншалықты қажет болуға тиіс; бұл шектеулердің бәрі монархияны әлсіретпей және қауіп төндірмей өмір сүре алады. Халық игілігі басқарудың соңғы және шынайы мақсаты. Сол үшін де билеушілер тағайындалады, сонымен қатар оларды тағайындайтын және өкіметті бөліске салатын, әрекет жасайтын азаматтық конституция табиғат заңдарымен және ақыл-оймен қосыла отырып басқару мақсатын айқындайды және басқарудың бұл түрін табысқа жеткізетін адамгершілік құралы деп таниды», – делінеді (Swift 1898-1914: 56).

Болингброк өзінің еңбегінде мұрагерлік және «сайлау» арқылы болатын монархияның

түрлеріне тоқталады. Автор: «Егер де терең ойға шолу жасасақ, онда бір қарапайым адамның басқа адамдарға мұрагерлік билігін көруге болады; бірақ іс жүзінде тәжге корольді сайлау мағынасыз бола алмайды. Бірінші жағдайда біз шынында лотореядан жеребе суырғандай боламыз, мұнда жеңіп шығудан гөрі, көбіне жеңіліп қалу мүмкіндігі басымырақ. Біз осындай табысты екінші жағдайдан көре аламыз ба? Мен бұлай ойламаймын. Қандай жағдай болмасын жұртшылық сайлау мен ақыл-ойдың орнына сәттілікті тілер еді», – деп ойлайды (Просветительское движение в Англии 1991: 275-276).

Ағылшын ойшылы негізінен мұрагерлік билікті көбірек қолдайды. Демек, сайлау монархиясында, жақсы немесе жаман болып өткізілген сайлау тікелей халық жоқшылығына келіп тіреледі. Ал мұрагерлік монархияда биліктің басына қандай король келсе де, мұндай қателіктер жіберілмейді.

Г. Болингброк абсолюттік монархияны конституциялық монархиядан гөрі биліктің ең бір керекті түрі деп есептейді: «...менің ойымша шектелген монархия билеудің ең бір керемет үлгісі, ал мұрагерлік монархия бүкіл монархиялардың ішіндегі ең құрметтісі. Шексіз монархияны ақыл-ойдың таразысына салып өлшеп қарасаң, ол көбіне мәдениетті адамдардан гөрі, қараңғы халыққа жақын келеді. Сондықтан мен шектелген монархияға бас иемін» (Morton 1952: 67-114).

Г. Болингброк өз еңбектерінде корольдің патриоттық сезімін көрсетуге тырысады. Оның ойынша, бұл сезім жоғары принциптермен белгіленуі тиіс: «Мен негізгі белгілерді іздестіру барысында – жақсы корольдің ол белгілерсіз де бойына тән қасиеттерді таба алмадым. Король қайырымды және рақымды бола алады, бірақ бұл ұзаққа бармайды», – деп жазады (Бэкон 1990: 5-183).

Ойшыл корольдерді бейнелей отырып: «...бүкіл корольдердің ішінен жеке тұлғаларды да кездестіруге болады. Бесіктен бастап көрген тәрбиесіне, қоршаған ортасына қарамастан, олар өздерін білікті етіп көрсетеді», – деген қорытындыға келеді (Штокмар 1973: 156-160).

Г. Болингброк өзінің «Король-Патриот» идеяларында Макиавеллидің ойларын жоғары қояды. «Макиавелли – менің көзқарастарыммен келіспейтін көпшіліктің алдында беделге ие бола алады. Ол өз шығармаларында мемлекеттік саясаттың мақсатын, патшалардың билігі мен иелігін кеңейтумен, халықты қанаумен көрсетеді. Оның ойынша, бұл мақсатқа жету үшін, құдай

мен халықтың алдындағы міндеттерге мән бермеу керек» (Макиавелли 1973: 140-141).

Болингброктың саяси идеяларын қарай отырып, біз әрине Өркендеу дәуіріндегі белгілі ойшыл Никколо Макиавеллидің (1469-1527) көзқарастарына тоқталғанымыз жөн, себебі Макиавеллидің идеялары кейінгі Еуропадағы саяси концепцияларға өз әсерін тигізді. «Тит Ливийдің алғашқы он күндігі хақындағы пікірлер» (1519), саяси трактат «Патша» (1515, 1869 ж., орыс тіліне ауд.), «Луккадағы Каструччо Кастраканидің өмірі» (1520, Шығ., 1-т., 1934), «Флоренция тарихы» (1520-1525, 1973 ж. орыс тіліне ауд.) деген еңбектерінде Италиядағы жоқшылықтың басты себебі елдің саяси бөлшектенуі деп танып, өзінше сол бөлшектенуді жоюға мүмкін деп санаған мемлекеттік теориясын жасады. Тарихи деректерге сүйеніп, қоғамдық дамудың заңдылықтарын ашуға ұмтылды. Макиавелли мемлекеттің ең жақсы үлгісі – республика деп түсінгенімен, тек күшті патша ғана тәуелсіз итальян мемлекетін құра алады деп есептеді. Мемлекетті нығайту жолында зорлық-зомбылыққа, кісі өлтіруге, алдау-арбауға, сатқындыққа дейін баруды ұсынды. Макиавелли тарихтың аса маңызды қозғаушы күші – саяси күрес деп білді.

Макиавелли негізінен монархиялық билікті қолдайды. Оның көзқарастарына антика дәуіріндегі ойшылдар көп әсерін тигізді. Біз бұны оның «Тит Ливийдің алғашқы он күндігі хақындағы пікірлер» деген еңбегінен көре аламыз. Негізінен ойшыл өзінің саяси көзқарастарын «Патша» деген еңбегінде ашып көрсетеді. Авторитарлы режимді қолдай отырып, тирандарды да сынауды ұмытпайды. Мәселен «Флоренция тарихы» еңбегінде Висконти деген монархтың сынын табамыз (Барг 1978: 281-288).

Н. Макиавелли билеушілердің ішінде Чезаре Борджиаға көп тоқталады (Кузнецов 1986: 77).

Патша, Макиавеллидің айтуынша, мықты билікті сақтау керек. Бұл көзқарас сол кездегі Италияның саяси дамуына байланысты болды. Себебі, Италия кішігірім мемлекеттерге бөлініп жатып, Макиавелли оларды біріктіруді армандайды.

Макиавеллидің шығармашылығында халық қандай орын алады? Патша – бұл «форма», халық – «материя», ал «материяға сәйкес форма, – оған қарама-қарсы келмейді» (Фридендер 1981: 66) – дейді Макиавелли өзінің «Пікірлерінде». Макиавелли халық деп бүкіл мемлекет азаматтарын түсінеді, бірақ оның қатарынан өзіне жағымсыз дворян өкілдерін

алып тастайды. Макиавелли итальяндық ерте буржуазияның анағұрлым прогрессивтік бөлігін құрап, Италиядағы феодалдық реакцияның басталған жаңа жолдарының жағдайын ізденуші ретінде көрінеді. «Патшаның» авторы төменгі таптың көтерілістеріне қарсы шықса да, халықты билеушіге қарағанда толығымен ақылдырақ және тұрақтырақ деп есептеді.

Макиавеллиде адам әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Оның ойынша, бірлік тұтас мемлекетке қарағанда төменірек тұрады. Жеке адамдардың немесе топтардың қызығушылығы жалпы қызығушылыққа бағыну керек. Алғашқыда адам әлсіз болып көрінуі мүмкін, бірақ уақыт өте ол жоғарғы шегіне жете алады. Мемлекетті дұрыс басқару адамзат табиғатын жақсы игеруді қажет етеді және оны басқа адамның тағдырын шешуге итермелейді.

Макиавеллидің саяси идеялары тек елдің өзін ғана қамтымай, Швейцария, Германия, Франция, Нидерланды және Швецияға да кең тарады. XVI ғасырдың екінші жартысында Базельде Макиавеллидің «Патша» мен «Пікірлері» латын тілінде жарық көрді. Макиавеллидің шығармаларын эрудиттер ғана емес, сонымен қатар саяси қайраткерлер де зерттеді. Австриялық дипломат Форстнер «Патшаның» жалпы теориялық жағын емес, нақты тарихи итальяндық үлгі жағын қарастырды, тираниялық емес, «жаңа принципат» жағын қарады. Гельмштадт университетінің профессоры Конринг 1660 жылы «Патшаға» анықтама береді. Пруссия королі II Фридрих Макиавеллидің «Патша» деген шығармасын моральдық жағынан, Спинозаның діни саладағы шығармасымен жақындатады; бұл корольдің антимаккиавеллистік пікірлері негізсіз бола алмайды, өйткені Макиавеллидің теориялары ұлы философтың шығармашылығына бірден-бір дерек болды. Макиавеллидің қарсыласы бола тұрып, II Фридрих оның әскери саладағы әскерлерін жоққа шығара алмайды. Мүмкін, Голландияда тек Спиноза ғана емес, сонымен қатар басқа да алдыңғы қатарлы ойшылдар, 1615 жылы сол елде аударылған «Патша» мен «Пікірлерді», тікелей республикандық және демократиялық бағыттағы шығарма деп, ал олардың авторын демократияны уағыздаушы және тирандардың басты жауы деп есептеген болар. «Патша», олардың ойынша, корольдер үшін жазылған, ал халық үшін, корольдерді жаман жағын ашып көрсететін памфлет тәріздес келеді (Sorley 1937: 152).

Амело де ла Оссе, өзінің аудармасымен Макиавеллиді бүкіл Еуропаға танытты. Ол

«Пікірлердің» 10-тарауында, республиканың монархияны басып озатыны туралы айтқан, «Патшаның» авторын республикандық деп сипаттап, өзінің әдісімен саяси қайраткерлер мемлекетті қалай басқару керек екенін үйретеді. Сонымен қатар, Макиавеллиді өздерінің шығармаларында Бейль, Вольтер, Руссо да жоғары бағалайды (James 1949: 147).

«Флоренция тарихында» XV ғасырдағы тарихи тәжірибенің негізінде билеудің бірнеше түрі қарастырылады. Италия әлі де болса билеуші-реформаторды қалады, Флоренциялық республика «аралас» билеумен күйзеліске ұшырады. Ал Макиавелли болса Италияны варварлардың күшеюінен сақтап қалуды армандады.

Макиавелли «Тарихта» мемлекеттік қайраткерлердің – Каструччо Кастракани, Үлкен Козимо Медичи, Пьеро Медичи, Подагрика, Лоренцо Великолепныйдің әрекеттерін зерттейді. Олардың билеуші – синьорлар қасиеттерін көрсетуге тырысады. Ол өзінің «Әскери өнер туралы» деген трактатында Фабрицио Колоннаны сипаттайды. Осы адамдардың галереясы оған идеалды билеушіні іздеуге көп көмегін тигізді. Идеалды билеушінің белгісін ол XV ғасырдан іздестіреді. Бұл кезде әлі де дәстүрлі коммуна институттары бар болатын, бұлардың тұсында синьориалдық билік республикамен және нақты мемлекеттік құрылыстың бекуімен байланыс жасады (The Peace and the Succession 1934: 147).

Бұл сұрақты жан-жақты қарай отырып, Болингброк бірінші және екінші жағдайда да билікті еркін билеудің күрделілігін ашып көрсетеді. Ал биліктің басындағы алып-сатарлық, оның ойынша, Король-Патриоттың келуімен тоқтайды. Демек, Король-Патриот тәжге келісімен-ақ, конституцияның рухы қалпына келе бастайды. Әрине конституцияның тәртіптері мен белгілері өкімет билігін ғана тежеп қоймай, сонымен қатар тирианияға да жол бермейді (Aldridge 1962: 59).

Адамға байланысты нақты тұрақтылықты күтудің қажеті жоқ. Король-Патриот өзінің іс-әрекетімен халыққа сезім ұялата білуі керек.

Қорытынды

Жұмыс соңында ой түйінін жасасақ, XVII ғасырдың ортасындағы ағылшын революциясы елдегі қоғамдық қатынастарды рухани салада күрделі өзгерістерге ұшыратты. Буржуазия саяси билікке қол жеткізіп, соның нәтижесінде жаңа идеология, өмірге, әлемге көзқарас пайда болады. Ағартушылықтың өзі осының арқасында

дамып, бүкіл қоғамға өзінің ықпалын тигізе бастайды.

Ағартушылық идеология орта ғасырлық дүниетанудан бас тартып, жаңа танымның негізін қалай бастайды. Ағартушылық қайраткерлері жер бетінде адамдар барлық жағынан да жетілетін, еркін жеке тұлға және әділ қоғам мүдделерінің үйлесімділігі салтанат құратын, адамгершілік әлеуметтік өмірдің жоғарғы үлгісіне айналатын «ақыл-ой патшалығын» орнатуды көкседі. Олардың көпшілігі «ақыл-ой патшалығының» келуі жөніндегі өздерінің негізгі үміттерін реакциялық феодалдық-аристократиялық тәртіптерді жоя отырып, бұқаралық ақыл-ойды азат ету, соқыр сенімдерді ығыстырумен байланыстырды.

Болингброк – саясаткер және ойшыл – Англия тарихындағы екі кезеңнің ортасында тұрды. Ағартушы ретінде ол өз шығармаларымен ескі тәртіпті жариялайтын және күшейтетін христиандықты әшкерелеуге көмектесті, сол арқылы өзі буржуазиялық құрылысты идеологиялық жағынан қалыптастыруға қолғабыс берді. Болингброк шын мәнісінде Англиядағы тарих ғылымының алғашқы теоретигі болды. Болингброктың айтуынша тарихтың қолданыстық пайдасы немен түсіндіріледі? Бұл сұраққа жауаптың жаңашылдығы – жекелей қолданбалы мәнді мәселе бірінші кезекке шықпай, тарихта тексерілген және жинақталған әлеуметтік-тарихи тәжірибе және оның қоғам мен адам өміріндегі рөлі алға шығатындығы болды. «Хаттардағы» тарихи тәжірибе жөніндегі мәселені түсіндіру барысында Болингброк тар қолданыстық ойтүйінімен емес, философиялық ойдың кеңдігімен ерекшеленеді. Бұдан шығатын қорытынды: тарихи таным – бұл адам танымының алғы шарты және оның біртұтас негізі.

Болингброк Франция, Англия, Испания және Германия сияқты Еуропа елдерінің тарихына қосымша жарық нұрын құйды. Ол XVI ғасырдың басынан бастап XVIII ғасырдың аяғына дейін осы елдерде болған негізгі оқиғаларды тізбелеп берді. Болингброк Еуропа тарихы жөнінде көлемді еңбек жазуға әзірленді, бірақ оның бұл көздеген мақсаты орындалмады.

Болингброктың орта ғасырлық Еуропа тарихына көзқарасы мүлде ескерусіз қалмады. Ол Еуропа мемлекеттерінің нақты тарихын бірқатар қызықты фактілермен толықтырды. Дегенмен Болингброктың көптеген сұраққа жауап бермегенін атап өту керек. Оларға орта ғасырдың кейінгі кезеңіндегі халықаралық қатынастардың өзгерген сипаты әсерін тигізді.

Мұндай құбылыстың себебі «бағалар революциясы» және тағы басқа күрделі сәттермен түсіндіріледі. Г. Болингброк ағылшын революциясын қолдай отырып, король билігі мен лордтардың ымыраға бара алмайтындығын сынады. Қоғамда оппозицияның бар болуын қажет санайды.

Г. Болингброктың шығармашылығында ағылшын және Еуропа тарихына байланысты көзқарастар орын алады. Ойшылдың тарихи көзқарастарының қалыптасуына сонау ежелгі дүниеден келе жатқан Тит Ливий, Полибий, Цицерон, Тацит т.б. сияқты авторлар өз әсерін тигізген. Гуманистік көзқараста, әсіресе Лоренцо Валланың, Макиавеллидің, Гвиччардинидің ой-пікірлері назарсыз қалмады. Бірақ Г. Болингброктың «Хаттарында» бұл

ойшылдардың шығармаларына қарағанда көптеген жаңа ойлардың бар екенін көреміз, жаңалықтар негізінен жаңа капиталистік қатынастармен, Ағартушылық идеяларымен сипатталады.

Кейін XIX-XX ғасырларда Еуропа елдеріндегі буржуазиялық ойлар Ағартушылық идеологиясының негізгі қағидаларын басшылыққа ала отырып, оны әрі қарай дамытады. Сол кезеңнен келе жатқан үрдістер мәңгі рухани байлық болып қалады. Ағылшын Ағартушылығы, оның ішінде Болингброк әлемдегі Ағартушылықтың дамуына өз үлесін қосты. Батыс Еуропа Ағартушылығы Еуропаның түкпір-түкпіріне әсерін тигізгенін, сондай-ақ Шығыс Еуропаға, Ресейге, ал Ресей арқылы Қазақстанға т.б. ұлттық аймақтарға тарағандығын кейінгі тарихтан байқаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Англия в эпоху абсолютизма / под ред. Ю.М. Сапрыкина. – М., 1984.
- 2 Барг М.А. Болингброк и английское Просвещение // Болингброк. Письма об изучении и пользе истории. – М.: Наука, 1978.
- 3 Болингброк Г. Письма об изучении и пользе истории / пер. С.М. Берковской, А.Т. Парфенова, А.С. Розенцвейга. – М.: Наука, 1978.
- 4 Бэкон Ф. История правления короля Генриха VII / пер. В.Р. Рокитянского, Н.А. Федорова, А.Э. Яврумяна. – М.: Наука, 1990.
- 5 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977.
- 6 Кузнецов В.Н., Мееровский Б.В., Грязнов А.Ф. Западноевропейская философия XVIII в. – М., 1986.
- 7 Кучеренко Г.С. Исследования по истории общественной мысли Франции и Англии XVI – первая половина XIX в. – М.: Наука, 1981.
- 8 Макьявелли Н. История Флоренции. – Л., 1973.
- 9 Просветительское движение в Англии / под ред. Н.М. Мещеряковой. – М., 1991.
- 10 Соколов В.В. Вольтер. – М.: Изд. АН СССР, 1956.
- 11 Федоров С.Е. Пуританизм и общество в стюартовской Англии (позднее индипенденство). – СПб., 1993.
- 12 Фридендер Г.М. История и историзм в век Просвещения // XVIII век, сб. 13. – Л., 1981.
- 13 Штокмар В.В. История Англии в средние века. – Л.: ЛГУ, 1973.
- 14 Aldridge A. O. Shaftsbury and Bolingbroke // «Philolog. Quarterly». – V. 3. – №1. – 1962.
- 15 Barrell R.A. Bolingbroke and France. Lanham, 1988.
- 16 Hart J. Viscount Bolingbroke. London, 1965, p. 26.
- 17 James D.G. The Life of Reason. London, 1949, p. 147.
- 18 Kramnick I. Bolingbroke and his Circle: the Politics of Nostalgia in the Age of Walpole. Ithaca (New York), 1992.
- 19 Kramnick I. Bolingbroke and his Circle. Cambr. – Mass., 1968, p. 35.
- 20 Lord Bolingbroke. Letters of the study and use of history / The Works of Lord Bolingbroke with a life, London. 1844. – Vol. II. – P.238-302.
- 21 Morton A. The English Utopia. – L., 1952. – P. 67-114.
- 22 Robertson C.G. Bolingbroke. London, 1947, p. 13.
- 23 Sorley P. A History of English Philosophy. Cambridge, 1937, p. 152.
- 24 Stephen L. English literature and Society in the Eighteenth Century. – L., 1904. – P. 11-52.
- 25 Swift J. Works. London, 1898-1914, v. IV, p. 56.
- 26 The Peace and the Succession. London, 1934, p. 147.
- 27 Valey S. Henry St. John, Viscount Bolingbroke. Boston, 1984.

References

- 1 Anglya v epohu absolutizma / Pod red. Ya.M.Saprikina [England in the era of absolutism / Ed. Yu.M.Saprykina]. – М., 1984.
- 2 Barg M.A. Bolingbroke i angliiskoe Prosveshenie // Bolingbroke. Pisma ob izuchenii i polze istorii [Bolingbroke and the English Enlightenment // Bolingbroke. Letters on the study and the use of stories]. – М.: Nauka, 1978.

- 3 Bolingbroke H. Pisma ob izuchenii i polze istorii / Per. S.M.Berkovskoy, A.T.Parfenova, A.S.Rozentsveyga [Letters on the study and the use of history / ed. S.M.Berkovskoy, A.T.Parfenova, A.S.Rozentsveyga]. – M.: Nauka, 1978.
- 4 Bacon F. Istoriya pravleniya korolya Genriha VII / Per. V.R.Rokityanskogo, N.A.Fedorova, A.E.Yavrumyana [History of King Henry VII / Trans. V.R.Rokityanskogo, N.A.Fedorova, A.E.Yavrumyana]. – M.: Nauka, 1990.
- 5 Herder I.G. Idei k filosofii istorii chelovechestva [Ideas for the philosophy of the history of mankind]. – M.: Nauka, 1977.
- 6 Kuznetsov V.N., Meerovskii B.V., Gryaznov A.F. Zapadnoevropeiskaya filosofiya XVIII v. [Western philosophy XVIII century]. – M., 1986.
- 7 Kucherenko G.S. Issledovaniya po istorii obshchestvennoi mysli Frantsii i Anglii XVI – pervaya polovina XIX v. [Studies in the history of social thought in France and England XVI – first half of the XIX century]. – M.: Nauka, 1981.
- 8 Machiavelli N. Istoriya Florentsii [History of Florence]. – L., 1973.
- 9 Prosvetitel'skoe dvizhenie v Anglii / Pod red. N.M.Mescheryakovoy [The educational movement in England / Ed. N.M.Mescheryakovoy]. – M., 1991.
- 10 Sokolov V.V. Volter [Voltaire]. – M., Izd. AN SSSR, 1956.
- 11 Fedorov S.E. Puritanizm i obshchestvo v Stuartovskoi Anglii (pozdneye nezavisimost' i nezavisimost') [Puritanism and society Stuartovskoy England (later independence)]. – SPb., 1993.
- 12 Friedlander G.M. Istoriya i istorizm v vek Prosvesheniya // XVIII vek, sb. 13 [History and historicism of the Enlightenment // XVIII century, Sat. 13]. – L., 1981.
- 13 Stockmar V.V. Istoriya Anglii v srednie veka [History of England in the Middle Ages]. – L.: LGU, 1973.
- 14 Aldridge A. O. Shaftsbury and Bolingbroke. – «Philolog. Quarterly», v. 3, №1, 1962.
- 15 Barrell R.A. Bolingbroke and France. Lanham, 1988.
- 16 Hart J. Viscount Bolingbroke. London, 1965, p. 26.
- 17 James D.G. The Life of Reason. London, 1949, p. 147.
- 18 Kramnick I. Bolingbroke and his Circle: the Politics of Nostalgia in the Age of Walpole. Ithaca (New York), 1992.
- 19 Kramnick I. Bolingbroke and his Circle. Cambr. – Mass., 1968, p. 35.
- 20 Lord Bolingbroke. Letters of the study and use of history / The Works of Lord Bolingbroke with a life, London. 1844. – Vol. II. – P.238-302.
- 21 Morton A. The English Utopia. – L., 1952. – P. 67-114.
- 22 Robertson C.G. Bolingbroke. London, 1947, p. 13.
- 23 Sorley P. A History of English Philosophy. Cambridge, 1937, p. 152.
- 24 Stephen L. English literature and Society in the Eighteenth Century. – L., 1904. – P. 11-52.
- 25 Swift J. Works. London, 1898-1914, v. IV, p. 56.
- 26 The Peace and the Succession. London, 1934, p. 147.
- 27 Valey S. Henry St. John, Viscount Bolingbroke. Boston, 1984.